

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІНІҢ
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ**
**МИНИСТЕРСТВО ТРАНСПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
КОМИТЕТ АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ**

**БАҒА БЕЛГІЛЕУДІҢ ВЕДОМСТВОЛЫҚ НОРМАТИВИ
ВЕДОМСТВЕННЫЙ НОРМАТИВ ПО ЦЕНОБРАЗОВАНИЮ**

**ЕҢБЕК ШЫҒЫНДАРЫНА АРНАЛҒАН СМЕТАЛЫҚ БАҒАЛАРДЫ
ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫН ОРТАША, АҒЫМДАҒЫ ЖӨНДЕУ
ЖӘНЕ КҮТІП-ҰСТАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОЛ-ҚҰРЫЛЫС МАШИНАЛАРЫ
МЕН МЕХАНИЗМДЕРІН ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛҒАН СМЕТАЛЫҚ
БАҒАЛАРДЫ ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ**

ҚР БВН 9.1.2-002-2024

**МЕТОДИКА РАСЧЕТА СМЕТНЫХ ЦЕН НА ЗАТРАТЫ ТРУДА И
СМЕТНЫХ ЦЕН НА ЭКСПЛУАТАЦИЮ ДОРОЖНО-СТРОИТЕЛЬНЫХ
МАШИН И МЕХАНИЗМОВ ПО СРЕДНЕМУ, ТЕКУЩЕМУ РЕМОНТУ И
СОДЕРЖАНИЮ АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ**

ВНЦ РК 9.1.2-002-2024

**Ресми басылым
Издание официальное**

Астана, 2024

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КӨЛІК МИНИСТРЛІГІНІҢ
АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ КОМИТЕТІ**

БАҒА БЕЛГІЛЕУДІҢ ВЕДОМСТВОЛЫҚ НОРМАТИВІ

**ЕҢБЕК ШЫҒЫНДАРЫНА АРНАЛҒАН СМЕТАЛЫҚ
БАҒАЛАРДЫ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫН ОРТАША,
АҒЫМДАҒЫ ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ КҮТІП-ҰСТАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОЛ-
ҚҰРЫЛЫС МАШИНАЛАРЫ МЕН МЕХАНИЗМДЕРІН
ПАЙДАЛАНУҒА АРНАЛҒАН СМЕТАЛЫҚ БАҒАЛАРДЫ ЕСЕПТЕУ
ӘДІСТЕМЕСІ**

ҚР БВН 9.1.2-002-2024

Ресми басылым

Астана, 2024

АЛҒЫСӨЗ

- 1 ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ** «Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты» акционерлік қоғамы («ҚазжолҒЗИ» АҚ)
- 2 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ** Қазақстан Республикасы Көлік Министрлігі Автомобиль жолдары комитеті Төрағасының 2024 жылғы «25» қарашадағы № 144 бұйрығы
- 3 КЕЛІСІЛДІ** «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ 2024 жылғы «27» тамыздағы № 03-01/12-01/2809-И хаты
«ҚАЖСервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2024 жылғы «23» тамыздағы № №10-09/998-И хаты
- 4 ҚР ЕР 218-73-2008 ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ**

Құжат Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде, нормативтік техникалық құжаттардың бірыңғай мемлекеттік қорында (<https://new-shop.ksm.kz/egfntd/ntdgo/>) сондай-ақ, «InfoZhol – <http://infozhol.kad.org.kz>» электронды мәліметтер базасында қол жетімді.

Осы баға белгілеудің ведомстволық нормативті Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, көбейтуге және таратуға болмайды

Мазмұны

1	Қолдану саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Терминдер мен анықтамалар.	5
4	Еңбек шығындарының сметалық бағаларын анықтау	5
4.1	Жалпы ережелер	5
4.2	Сметалық тарифтік мөлшерлемелерді есептеу	6
4.3	Еңбек шығындарының сметалық бағаларын есептеу	8
5	Жол-құрылыс жол-құрылыс машиналарын пайдалануға арналған сметалық бағаларды анықтау	9
5.1	Жалпы ережелер	9
5.2	Автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстау кезінде жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануға арналған сметалық бағалардың баптар бойынша құрылымы	12
5.3	Тіркемелі техниканың механикаландыру базасынан телімге/нысанға көшіру (жұмылдыру және қайта жұмылдыру) және телімнен/нысаннан механикаландыру базасына кері қайтуға арналған шығындар	19
5.4	Автомобиль жолдарын орташа ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстау кезінде температуралық аймақтың климаттық жағдайларына байланысты жұмыстарды жүргізу кезіндегі қосымша еңбек шығындары	20
А	қосымшасы (<i>міндетті</i>). Қазақстан Республикасының аумақтық аймақтарының тізбесі	22
Б	қосымшасы (<i>міндетті</i>). Жұмысшылар санаттары бойынша, инженерлік буын мамандарының санаттары бойынша тарифтік коэффициенттер	23
В	қосымшасы (<i>міндетті</i>). Мердігерлік ұйымның жөндеу-құрылыс үдерістерін орындауға және қызмет көрсетуге және автомобиль жолдарын пайдалануға тікелей байланысты шығындары	25
Г	қосымшасы (<i>міндетті</i>). Машиналарды, автокөлік құралдары мен механизмдерді пайдалану құнын анықтау кезіндегі баптар бойынша шығындардың нормативтік көрсеткіштері	28
Д	қосымшасы (<i>міндетті</i>) Температура аймақтары	39
Ж	қосымшасы (<i>міндетті</i>)	
	Қосымша еңбек шығындарын есепке алу үшін еңбек шығындарының нормаларына коэффициенттер, машиналарды пайдалану уақыты (машинистердің еңбек шығындарын қоса алғанда). Топтар бойынша жұмыс түрлері	40
	Библиография	42

1 Қолдану саласы

1.1 Сметалық бағаларды есептеу әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) техникалық құжаттаманы дайындау кезеңінде және жол жұмысшыларының, жол-құрылыс машиналарының жұмысы үшін есептеу кезінде анықталатын автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу, күтіп-ұстау жөніндегі жұмыстарға арналған сметалық бағаларды қалыптастыру үшін Тапсырыс беруші мен мердігер арасындағы пайдаланылатын еңбек шығындарының, жол-құрылыс машиналарды, механизмдер мен автокөлік құралдарын пайдаланудың сметалық бағасын анықтауға арналған.

1.2 Осы Әдістеме өндірістік операцияларды орындау кезінде жол жұмысшыларының, жұмысшылардың, машиналарды басқарушылардың еңбек шығындарына және жол-құрылыс машиналарын, отандық және шетелдік өндіріс механизмдерін, оның ішінде автокөлік құралдарын (автомобильдер, тіркемелер, жартылай тіркемелер және т.б.), сыртқы энергия көзінен жұмыс істейтін және жол жұмысшылары пайдаланатын қозғалтқыштармен жабдықталған құралды (бұдан әрі - механикаландырылған құрал), қозғалтқышы жоқ еңбек құралдарын (қол жүкшығыры, аспа, тіреуіштер, инвентарлық ағаштарды, қайта пайдалануға болатын инвентарлық қалыптар, қол домкраттары және т.б.) пайдалануға арналған сметалық бағаларды анықтау (бұдан әрі - механизмдер, сметалық бағалар) тәртібін белгілейді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Әдістемеде мынадай нормативтік-техникалық құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

1 Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын. 1-шығарылым. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 1 қыркүйектегі № 364 бұйрығы.

2 Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын. 3-шығарылым. «Құрылыс, монтаждау және жөндеу-құрылыс жұмыстары» бөлімі, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 30 шілдедегі № 388 бұйрығы.

3 Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына арналған жанар-жағармай материалдары шығыстарының және автокөлікті күтіп ұстауға арналған шығыстардың нормаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 11 тамыздағы №1210 Қаулысы.

4 ҚР ҚНБҚ 8.01-05-2022 «Құрылыс ресурстарының сметалық бағаларын және құрылысқа арналған жүктерді тасымалдаудың сметалық бағаларын есептеу бойынша әдістемелік ұсынымдар».

5 ҚН 528-80 Құрылыста қолдануға жататын физикалық шамалар бірліктерінің тізбесі.

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы Әдістемеде [1] бойынша терминдер, сондай-ақ тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылды (пайдаланылды):

3.1 Жол-құрылыс техникасының амортизациясы: Пайдалану үдерісінде тозатын және жаңадан құрылған өнімнің құнына ауыстырылатын құнының бір бөлігінің ақшалай көрінісі. Тозудың ақшалай көрінісі - бұл өнімнің өзіндік құнына жататын амортизациялық аударымдар.

3.2 Жұмыстың машина-сағаты: Машинаның жұмыс уақытын өлшейді, оған уақыт негізгі жұмыс операциясын машинамен орындау, жұмыс мөлшері бойынша қозғалу, ауысымның басында және соңында жұмысқа дайындық, ауысым сайын техникалық қызмет көрсету және машинистің реттелген демалысы шығындары кіреді.

3.3 Сметалық пайда: Мердігерлік ұйымды дамытуға, оның қызметкерлерін қосымша материалдық ынталандыруға, міндетті салықтар мен төлемдерді төлеуді қоса алғанда, жұмыстардың өзіндік құнына жатпайтын шығыстарды жабуға арналған жөндеу-құрылыс жұмыстарының, автомобиль жолдарын күтіп ұстаудың сметалық құнының нормативтік бөлігі болып табылатын қаражат сомасы.

4 Еңбек шығындарының сметалық бағаларын анықтау

4.1 Жалпы ереже

4.1.1 Қазақстан Республикасының автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу мен күтіп-ұстауда қолданылатын еңбекке ақы төлеу жүйесінің негізі қызметкерлердің орындайтын жұмыстарының күрделілігі бойынша олардың біліктілігі мен еңбегіне ақы төлеудің сәйкестігін қамтамасыз ететін тарифтік жүйе болып табылады.

4.1.2 Тарифтік жүйемен біліктілік санаттары (разрядтары) бойынша тарифтік мөлшерлемелер және тарифтік коэффициенттер белгіленеді.

Орташа алғанда, автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстау кезінде орындалатын жұмыстарды күрделілігі мен қызметкерлердің біліктілігі белгісі бойынша саралау сегіз разрядты тарифтік тор бойынша жүзеге асырылады.

4.1.3 Қызметкерлерге қойылатын біліктілік талаптары және жұмыстың белгілі бір түрлерінің күрделілігі Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы, жұмысшылар кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамалары, еңбек жөніндегі уәкілетті

ҚР БВН 9.1.2-002-2024

350.004

мемлекеттік орган бекітетін басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы негізінде белгіленеді.

4.1.4 Еңбек нормалары (уақыт, өндіріс, еңбек сыйымдылығы, қызмет көрсету, саны) еңбек шығындарының өлшемі болып табылады және техниканың, технологияның, өндірісті және еңбекті ұйымдастырудың қол жеткізілген деңгейіне сәйкес тиісті біліктілігі бар қызметкер үшін белгіленеді.

4.1.5 Еңбекке ақы төлеу жүйесі еңбек, ұжымдық шарттардың талаптарымен және (немесе) жұмыс берушінің актілерімен айқындалады.

4.1.6 Еңбек шығындарының сметалық бағалары және автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеуге және күтіп-ұстауға арналған сметалық тарифтік мөлшерлемелер сметалық нормативтерді (еңбек шығындарының сметалық бағалары, жол-құрылыс машиналарын, механизмдер мен автокөлік құралдарын пайдалану, жөндеу-құрылыс (жол) жұмыстары, автомобиль жолдарын күтіп-ұстау), сондай-ақ автомобиль жолдарын салуға арналған техникалық құжаттама сметалары әзірлеуге арналған.

4.1.7 Еңбек шығындарының сметалық бағасы және автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу мен күтіп-ұстаудағы сметалық тарифтік мөлшерлемелер есептік шамалар болып табылады.

4.1.8 Еңбек шығындарының сметалық бағалары мен сметалық тарифтік мөлшерлемелердің сандық көрсеткіштері тұтас теңгеге дейінгі дәлдікпен есептеледі.

4.2 Сметалық тарифтік мөлшерлемені есептеу

4.2.1 Сметалық тарифтік мөлшерлемелер уақыт бірлігі үшін белгілі бір күрделіліктегі (біліктіліктегі) еңбек міндеттерін орындағаны үшін автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстау жөніндегі қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге арналған қаражаттың есептік мөлшерін білдіреді.

4.2.2 Сметалық тарифтік мөлшерлеме пайдаланушылық күтіп-ұстау, жөндеу жұмыстары бойынша орташа сағаттық тарифтік мөлшерлемеге немесе жеке орындаушының тиісті разрядының (санатының) сағаттық тарифтік мөлшерлемесіне сәйкес келеді.

4.2.3 Сметалық тарифтік мөлшерлеме «Құрылыс» [2] экономикалық қызмет түрі бойынша қызметкерлердің орташа айлық номиналды жалақысы туралы ресми статистикалық ақпарат негізінде айқындалады.

4.2.4 Қазақстан Республикасы өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін есепке алу мақсатында сметалық тарифтік мөлшерлемелерді есептеу кезінде өңірлік коэффициент қолданылады. Қазақстан Республикасының аумақтық аймақтарының тізбесі А қосымшасында келтірілген.

4.2.5 Өңірлік коэффициенттерді есептеу соңғы күнтізбелік он екі айда жан басына шаққандағы орташа күнкөріс деңгейі туралы ресми статистикалық ақпарат негізінде жүргізіледі. Өңірлік коэффициент ($K_{\text{пер}}$) (1) формула бойынша есептеледі:

$$K_{\text{пер}} = \frac{\text{ПМ}_{\text{пер}}}{\text{ПМ}_{\text{ср}}}, \quad (1)$$

мұнда $\text{ПМ}_{\text{пер}}$ – өңірлік коэффициент есептелетін өңірдің ең төменгі күнкөріс деңгейі, теңге;

$\text{ПМ}_{\text{ср}}$ – Қазақстан Республикасы бойынша орташа күнкөріс деңгейі, теңге.

4.2.4 Орташа сағаттық тарифтік мөлшерлеме ($\text{ТС}_{\text{стат}}$) (2) формула бойынша есептеледі:

$$\text{ТС}_{\text{стат}} = \frac{\text{СЗП}_{\text{стр}}}{T}, \quad (2)$$

мұнда $\text{СЗП}_{\text{стр}}$ – соңғы он екі айдағы ресми статистикалық ақпаратқа сәйкес Қазақстан Республикасы бойынша «Құрылыс» экономикалық қызмет түрі бойынша бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысының орташа мәні, теңге;

T - тиісті жылға арналған Қазақстан Республикасының Еңбек туралы заңнамасына сәйкес екі демалыс күні бар 40 сағаттық жұмыс аптасы кезіндегі орташа айлық жұмыс уақыты, сағат.

4.2.7 Орташа сағаттық тарифтік мөлшерлеме төмендегілерге тең деп қабылданады:

- бірінші разрядты жұмысшының ағымдағы деңгейіндегі сметалық тарифтік мөлшерлемесі - жол жұмысшылары мен машинистер үшін;
- ағымдағы деңгейдегі сметалық тарифтік мөлшерлеме - үшінші санаттағы техникалық-инженерлік буын үшін.

4.2.8 Жұмысшы i -ші разрядының ағымдағы деңгейіндегі сметалық тарифтік мөлшерлеме ($\text{СТС}_{\text{пер}i}$) белгілі бір аймақ үшін (3) формула бойынша есептеледі:

$$\text{СТС}_{\text{пер}i} = \frac{\text{ТС}_{\text{стат}} \times \text{ТК}_i}{1,54} \times K_{\text{пер}}, \quad (3)$$

мұнда $\text{ТС}_{\text{стат}}$ – орташа сағаттық тарифтік мөлшерлеме, теңге/адам-сағ.;

ТК_i – тарифтік коэффициент;

$K_{\text{пер}}$ – өңірлік коэффициент;

1,54 – 1-разрядты жұмыстар үшін орташа статистикалық сағаттық тарифтік мөлшерлемеден орташа сағаттық мөлшерлемеге көшу коэффициенті 3,4-разрядтың тарифтік коэффициентіне тең.

ҚР БВН 9.1.2-002-2024

350.004

4.2.9 *i*-ші разрядты инженерлік буын мамандарының ағымдағы деңгейіндегі сметалық тарифтік мөлшерлемесі ($СТС_{рег.инж.i}$) белгілі бір аймақ үшін (4) формула бойынша есептеледі:

$$СТС_{рег.инж.i} = \frac{ТС_{стат} \times ТК_i}{1,218} \times K_{рег}, \quad (4)$$

мұнда $ТС_{стат}$ – орташа сағаттық тарифтік мөлшерлеме, теңге/адам-сағ.;

$ТК_i$ – тарифтік коэффициент;

$K_{рег}$ – өңірлік коэффициент;

2,218 – үшінші санаттағы техник үшін орташа сағаттық тарифтік мөлшерлемеден орташа сағаттық мөлшерлемеге көшу коэффициенті бірінші санаттағы техниктің тарифтік коэффициентінің мәніне тең

4.2.10 Жөндеу-құрылыс жұмыстарын, жабдықтарды монтаждау жөніндегі жұмыстарды орындау кезінде, жол-құрылыс машиналары мен автокөлік құралдарын басқаруда, автомобиль жолдарын күтіп-ұстау бойынша және құрылыс, жөндеу-құрылыс жұмыстарының орташа разрядтары бойынша, күтіп-ұстауға, сондай-ақ жабдықтарды монтаждау жөніндегі жұмыстарды тікелей атқаратын жұмысшылар разрядтары бойынша тарифтік коэффициенттердің мәндері осы Әдістеменің Б қосымшасында келтірілген.

4.3 Еңбек шығындарының сметалық бағаларын есептеу

4.3.1 Автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстау бойынша еңбек шығындарына ағымдағы деңгейдегі сметалық бағалар сметалық тарифтік мөлшерлемені, пайдалану үдерістерін орындауға және оларға қызмет көрсетуге тікелей байланысты мердігер ұйымның шығындарын қамтитын қаражаттың есептік мөлшерін білдіреді.

4.3.2 Автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстау бойынша еңбек шығындарының сметалық бағаларын есептеу Қазақстан Республикасының аумақтық аймақтары бойынша орындалады.

4.3.3 Нақты өңір үшін автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстау бойынша жұмысшылардың *i*-ші орта разрядының еңбек шығындарына ағымдағы деңгейдегі сметалық бағасы ($СЦЗТ_{пер.i}$, теңге/адам-сағ.) (5) формула бойынша есептеледі:

$$СЦЗТ_{пер.i} = СТС_{пер.i} \times \left(1 + \frac{З_{обсл.}}{100}\right) \times \left(1 + \frac{СП}{100}\right), \quad (5)$$

мұнда $СТС_{пер.i}$ – орындаушының *i*-ші разрядының (санатының) өңірлік сметалық тарифтік мөлшерлемесі немесе жұмыстың *i*-ші орта разрядының арналған өңірлік сметалық тарифтік мөлшерлемесі, теңге/адам-сағ.;

Зобсл. – жөндеу-құрылыс үдерістерін орындауға және қызмет көрсетуге, автомобиль жолдарын күтіп-ұстауға тікелей байланысты мердігер ұйымның пайыздардағы шығындар нормативі. В.2-кесте бойынша қабылданады. Мердігер ұйымның жөндеу-құрылыс үдерістерін орындауға және оларға қызмет көрсетуге және автомобиль жолдарын пайдалануға тікелей байланысты шығыстары В қосымшасында көрсетілген;

СП – сметалық пайда нормативі, пайыздарда. 25% мөлшерінде қабылданады.

5 Жол-құрылыс машиналар мен механизмдерді пайдалануға арналған сметалық бағаларды анықтау

5.1 Жалпы ережелер

5.1.1 Осы Әдістемеге сәйкес әзірленетін сметалық бағалар Қазақстан Республикасында құрылған заңды тұлғалар арасында Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі бюджеттерінің қаражатын тарта отырып қаржыландырылатын автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстауға арналған сметалық құнын анықтау кезінде міндетті түрде қолданылады.

5.1.2 Ресурстық әдісте және ағымдағы баға деңгейлерінде жол-құрылыс машиналар мен механизмдерді пайдалануға арналған сметалық бағалар 1 машина-сағатқа (бұдан әрі – маш.-сағ.) теңгемен айқындалады және қосылған құн салығын (бұдан әрі - ҚҚС) есептемегенде теңге/маш.-сағ. өлшем бірлігімен көрсетіледі.

5.1.3 Бағалардың ресурстық және ағымдағы деңгейлерінде жол-құрылыс машиналар мен механизмдерді пайдалануға арналған сметалық бағалар мынадай реттілікпен айқындалады:

а) мамандандырылған баға құраушы құрылыс ресурстарының тізбелері бойынша машиналар мен механизмдердің номенклатурасы қалыптастырылады;

б) машиналар мен механизмдерді пайдалану үшін қажетті ресурстардың құрамы мен қажеттілігі оларды пайдалану жөніндегі техникалық нұсқаулықтардың, машиналар паспорттарының және осы типтік көлемді топтың механизмдерінің, осындай машиналар мен механизмдерге арналған техникалық құжаттама, нормативтік-құқықтық актілердің негізінде қалыптастырылатын пайдалануды және (немесе) жөндеуді жүзеге асыратын заңды тұлғалардан алынған ақпараттың негізінде белгіленетін, оларды типтік өлшемді топтар бойынша саралауды ескере отырып айқындалады;

в) машиналар мен механизмдерді пайдалану үшін қажетті ресурстардың бағалары, олар туралы мәліметтер номенклатурада (энергия тасығыштар, майлар, майлаушылар, гидравликалық сұйықтықтар және сол сияқтылар)

ҚР БВН 9.1.2-002-2024

350.004

енгізілген сметалық нормативтерге сәйкес оларды типтік өлшемді топтар бойынша саралауды ескере отырып айқындалады;

г) машиналар мен механизмдерді пайдалануға арналған сметалық бағаны есептеу осы Әдістемеді көрсетілген машиналар мен механизмдерді пайдалануға арналған сметалық бағалардың баптар бойынша құрылымына сәйкес есептелетін машиналар мен механизмдерді пайдалануға арналған шығындарды қорытындылау арқылы ағымдағы баға деңгейінде орындалады.

5.1.4 Ағымдағы баға деңгейінде жол-құрылыс машиналар мен механизмдерді пайдалануға арналған сметалық бағаларды анықтау кезінде заттай өлшеуіштерде көрсетілген ресурстарға қажеттіліктің нормативтік көрсеткіштері машиналар мен механизмдердің бір машина-сағатына есептеле отырып анықталады.

5.1.5 Сметалық нормалар Қазақстан Республикасының әрбір облысы, республикалық маңызы бар қаласы, астанасы үшін жол-құрылыс машиналарды пайдаланудың ағымдағы құнын есептеу үшін әзірленеді.

5.1.6 Машиналарды пайдалануға арналған сметалық нормалар оларды машинаның осы түрі үшін негізгі техникалық параметр бойынша (экскаваторлар үшін - шөміштің сыйымдылығы, бульдозерлер үшін - қуаттылық, крандар үшін - жүк көтергіштігі және т.б.) белгіленетін типтік өлшемді топтар бойынша саралауды ескере отырып әзірленеді.

5.1.7 Жол-құрылыс машиналарды пайдалануға арналған сметалық бағалар тікелей шығындарды қамтиды, олардың құрамына пайдалану шығындарынан басқа механикаландырылған үдерістерді орындауға және оларға қызмет көрсетуге байланысты жол-құрылыс машиналары мен автокөлік құралдарын басқаруды жүзеге асыратын ұйымның шығындары және сметалық пайда кіреді.

5.1.8 Сметалық пайда жөндеу-құрылыс жұмыстарының сметалық құнын айқындау және автомобиль жолдарын күтіп-ұстау кезінде Қазақстан Республикасында жөндеу-құрылыс жұмыстарының сметалық құнын айқындаудың және автомобиль жолдарын күтіп-ұстаудың нормативтік құжатына сәйкес қосымша есептеледі.

5.1.9 Осы Әдістеме негізгі құралдарды толық қалпына келтіруге тікелей шығындар мен амортизациялық аударымдар бойынша жол-құрылыс машиналарды пайдалану құнын анықтау үшін әзірленген.

Тікелей шығындар мынадай баптардан тұрады: теңге/маш.-сағ.:

- толық қалпына келтіруге арналған амортизациялық аударымдар;
- машиналарды басқарумен айналысатын жұмысшылардың еңбекақысы;
- тез тозатын бөлшектерді жөндеу және ауыстыру шығындары;
- энергия шығындары;
- жағармай материалдары мен гидравликалық сұйықтық шығындары;
- машиналарды жөндеу мен техникалық қызмет көрсетудің барлық түрлерін орындауға арналған шығындар.

5.1.10 Арнаулы техниканы шынжыр табанды жүрістегі, жол катоктарында, төсегіштерде қайта орналастыруға арналған шығындар болған жағдайда, тіркемедегі машина-сағаттың есептік құнына қосылады. Анықтаманы есептеу 5-тарауда көрсетілген.

5.1.11 Сметалық бағалар жол-құрылыс машиналарды пайдаланудың орташа ауысымдық уақытының 1 машина-сағатына есептеліп есептеледі, оған мыналар кіреді:

- машиналардың технологиялық операцияларды орындауға, оның ішінде автокөлік құралдарына қатысу уақыты - оларды механикаландыру базасынан (гараждан) бірінші тиеу пунктіне және соңғы түсіру пунктінен механикаландыру базасына қайта келу уақыты;

- жол-жөндеу жұмыстарының телімі/нысаны шегінде машиналардың жұмыс мөлшері бойынша орын ауыстыру уақыты;

- жол-жөндеу жұмыстарын орындау кезінде машиналардың жұмысындағы технологиялық үзілістердің уақыты;

- тез тозатын бөлшектерді, кескіш құралды, резеңке-техникалық бұйымдарды және ауыспалы (жұмыс) жабдықты ауыстыру уақыты;

- машиналарға ауысым сайын техникалық қызмет көрсету уақыты, машиналардың үйкелетін бөлшектерін майлау, динамикалық әсер ететін бұрандалы қосылыстарды бекіту және т.б.;

- машиналарды жұмысқа дайындау уақыты және оларды ауысым соңында немесе жұмыс аяқталғаннан кейін тапсыру;

- машинист немесе экипаж машинистерінің жұмысындағы үзілістер уақыты - демалыс және жеке қажеттіліктер.

5.1.12 Автокөлік құралдарына қатысты орташа ауысымдық жұмыс уақытының 1 машина-сағаты ұғымына мыналар кіреді:

- автокөлік құралының автокөлік кәсіпорнының орналасқан жерінен бірінші тиеу орнына дейінгі жүру уақыты;

- автокөлік құралына жүкті тиеу уақыты;

- автокөлік құралының жүкпен жүру уақыты;

- автокөлік құралынан түсіру уақыты;

- түсіру операциясы аяқталғаннан кейін автокөлік құралының шанағын тазалау уақыты;

- автокөлік құралының бос күйінде түсіру орнынан тиеу орнына дейін жүру уақыты;

- тиеу және түсіру кезінде автокөлік құралын маневрлеу уақыты;

- автокөлік құралының соңғы түсіру орнынан автокөлік кәсіпорнының орналасқан жеріне дейінгі жүру уақыты.

5.1.13 Сметалық бағаларды есептеу үшін реттелетін көрсеткіштердің бастапқы деректері (машинистердің, тез тозатын бөлшектердің, энергия тасымалдаушылардың және т.б. саны) ұсынылған кезектілік тәртібімен қабылданады:

ҚР БВН 9.1.2-002-2024

350.004

- машиналардың паспорттық деректері негізінде;
- машиналарды пайдалану жөніндегі нұсқаулықтар, техникалық әдебиеттерде келтірілген ұсынымдар, қолданыстағы өндірістік нормалар, зауыттар мен өндіруші фирмалардың ұсыныстары;
- нақты деректер бойынша.

5.1.14 Машинистерге арналған тарифтік разрядтар Қазақстан Республикасында әзірленген Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалықтары бойынша белгіленеді.

5.1.15 Жол-құрылыс машиналарды пайдалануға арналған сметалық бағалар ағымдағы бағамен есептеледі. Басқа ұйымға машиналарды шарт бойынша немесе жалдау шартымен беру кезінде есептеу ағымдағы бағамен, автомобиль жолдарын ағымдағы жөндеу, күтіп-ұстау және көгалдандыру жөніндегі жұмыстарға арналған сметалық бағаны қалыптастыру үшін сметалық бағаны пайдалану кезінде жүргізіледі.

5.1.16 Ағымдағы бағаларда жол-құрылыс машиналарды пайдаланудың сметалық құнын есептеу кезінде ЖЖМ, электр энергиясының, сығылған ауаның, гидравликалық сұйықтықтың құны сметалық бағаны әзірлеу күніне арналған нарықтық бағаларға сәйкес айқындалады.

5.1.17 Жол-құрылыс машиналарын пайдалануға арналған сметалық нормаларды әзірлеу кезінде ескерілетін физикалық шамалардың атаулары мен өлшем бірліктері осы мәселе бойынша қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес Бірліктердің халықаралық жүйесі (БЖ) бойынша қабылданады, сметалық бағалардың сандық көрсеткіштері [3] сәйкес есептеулерде келтіріледі.

5.2 Автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстау кезінде жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануға арналған сметалық бағалардың баптар бойынша құрылымы

5.2.1 Автомобиль жолдарын орташа, ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстау кезінде жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануға арналған сметалық бағалардың баптар бойынша құрылымы.

5.2.2 Жол-құрылыс машиналарды пайдалануға арналған сметалық бағалардың нормативтік көрсеткіші ($C_{\text{маш.}}$, теңге/маш.-сағ.) келесі баптағы нормативтік көрсеткіштерді қамтиды және (6) формула бойынша анықталады:

$$C_{\text{маш}} = (A + P + B + Э + C + Г + Н + З_3 + З_{\text{маш}} + НР) \times \left(1 + \frac{СП}{100}\right), \quad (6)$$

мұнда А - толық қалпына келтіруге арналған амортизациялық аударымдар, теңге/маш.-сағ.;

Р - жөндеудің барлық түрлерін орындауға, техникалық қызмет көрсетуге, машиналарды диагностикалауға арналған шығындар, теңге/маш.-сағ.;

Б - тез тозатын бөлшектерді және ауыспалы (жұмыс) жарақтарды ауыстыруға арналған шығындар, теңге/маш.-сағ.;

Э - энергия тасымалдаушыларға арналған шығындар, теңге/маш.-сағ.;

С - майлау материалдарына арналған шығындар, теңге/маш.-сағ.;

Г - гидравликалық және салқындатқыш сұйықтыққа арналған шығындар, теңге/маш.-сағ.;

Н - көлік салығының шығындары;

З₃ - қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлем шығындары;

З_{маш} - машиналарды басқаратын жұмысшыларға еңбекақы төлеу шығындары.

НР - механикаландырылған үдерістерді орындауға және қызмет көрсетуге байланысты жол-құрылыс машиналары мен автокөлік құралдарын басқаруды жүзеге асыратын ұйымның шығындары, теңге. Ол (7) формула бойынша анықталады:

$$НР = З_{\text{маш}} \times \left(1 + \frac{З_{\text{обсл}}}{100}\right), \quad (7)$$

мұнда З_{маш} – тиісті біліктілік разрядының машинисінің еңбекақысы, теңге/адам-сағ. З_{маш} көрсеткіші еңбек шығындарына сметалық бағалардың сметалық тарифтік мөлшерлемелері бойынша қабылданады;

З_{обсл} – механикаландырылған үдерістерді орындауға және қызмет көрсетуге тікелей байланысты мердігер ұйымның шығындар нормативі 66,4% мөлшерінде, пайызбен.

БК - механикаландырылған үдерістерді орындауға және оларға қызмет көрсетуге байланысты құрылыс машиналары мен автокөлік құралдарын басқаруды жүзеге асыратын ұйымның сметалық пайдасының нормативі. 15% мөлшерінде анықталады.

Аса күрделі машиналар бойынша оларды қайта орналастыруға байланысты операцияларға қайта орналастырудың нақты шарттарына сәйкес жеке сметалық нормалар әзірленеді және тиісті шығындар сметаларда жекелеген жолдармен қосымша ескеріледі.

5.2.3 Жол-құрылыс машиналары (А) үшін толық қалпына келтіруге арналған амортизациялық аударымдардың нормативтік көрсеткіші төмендегі формула бойынша анықталады:

$$А = \frac{Ц \times На}{Т \times 100}, \quad (8)$$

мұнда Ц - пайдалануға беру күніне бухгалтерлік есепте көрсетілген (бастапқы) немесе соңғы қайта бағалау (қалпына келтіру) күніне белгіленген тәртіппен жүргізілетін қайта бағалауды ескере отырып жол-құрылыс машинасының баланстық құны (бұдан әрі – баланстық құн) (бір немесе бірнеше ұйымдар бойынша орташаланған), теңге.

ҚР БВН 9.1.2-002-2024

350.004

N_a - осы типтік көлемдегі топтағы машиналар үшін толық қалпына келтіруге арналған амортизациялық аударымдардың нормасы, пайыз/жыл (пайыз/1000 шқ жүріс - автокөлік құралдары үшін).

T - машинаның, машинаның жылдық жұмыс режимінің нормативтік көрсеткіші маш.- сағ./жыл, машиналардың негізгі номенклатурасы бойынша Γ қосымшасының $\Gamma.2$ -кестесінде келтірілген көрсеткіштер бойынша қабылданады.

Толық қалпына келтіруге арналған амортизациялық аударымдардың нормасы (N_a) (9) формула бойынша анықталады:

$$N_a = \frac{100}{C_{cm}}, \quad (9)$$

мұнда C_{cm} – осы типтік топтағы машиналардың қызмет ету мерзімі, жылдар. C_{cm} көрсеткіші мынадай көздер негізінде белгіленеді (қолдану кезектілігі тәртібімен):

- өндірушілердің ұсынымдары;
- техникалық әдебиетте келтірілген мәліметтер;
- механикаландырылған үдерістерді орындауға және қызмет көрсетуге байланысты жол-құрылыс машиналары мен автокөлік құралдарын басқаратын ұйымдардың нақты деректері.

Машиналардың қызмет ету мерзімі бойынша деректер болмаған кезде, нақты маркалы машина үшін көрсеткіші (толық қалпына келтіруге арналған амортизациялық аударымдар нормасы) (10) формула бойынша анықталады:

$$N_a = \frac{C - C_{бу} \times 100}{C_{бу} \times C}, \quad (10)$$

мұнда $C_{бу}$ – пайдаланылған машинаны сатып алу немесе сату құны, теңге;

$C_{бу}$ - шығарылған жылы мен пайдаланылған машинаны сатып алу немесе сату жылы арасындағы кезең, жылдар.

$C_{бу}$ және $C_{бу}$ көрсеткіштері нақты мәмілелер бойынша механикаландырылған үдерістерді және құрылыс ұйымдарын орындауға және оларға қызмет көрсетуге байланысты жол-құрылыс машиналары мен автокөлік құралдарын басқаратын ұйымдардың деректерін статистикалық өңдеу негізінде белгіленеді.

Механикаландырылған үдерістерді орындауға және оларға қызмет көрсетуге байланысты жол-құрылыс машиналары мен автокөлік құралдарын басқаруды көрсететін ұйымдардың нақты деректері негізінде машиналарды толық қалпына келтіруге арналған амортизациялық аударымдар нормаларын айқындау бойынша қиындықтар туындаған кезде машиналардың негізгі номенклатурасы бойынша көрсеткіш (N_a) қалпына келтіру құнының

пайызымен толық қалпына келтіруге арналған амортизациялық аударымдар нормаларына сәйкес қабылданады, ол осы Әдістемелік ұсынымдардың Г қосымшасының Г.1-кестесінде келтірілген.

Машинаның жылдық жұмыс режимінің нормативтік көрсеткішін анықтау кезінде жұмыс өндірісін ұйымдастырудың төмен деңгейімен байланысты машиналарды пайдалану уақытының шығындары (негізсіз тоқтап қалулар) есепке алынбайды.

Машинаның жылдық жұмыс режимінің нормативтік көрсеткіші (Т) (11) формула бойынша анықталады:

$$T = [365 - (52 \times 2 + D_{\text{пр}} + D_{\text{пкү}} + D_{\text{рем}} + D_{\text{пб}})] \times K_{\text{рс}} \times K_{\text{с}}, \quad (11)$$

мұнда Т – машинаның жылдық жұмыс режимінің нормативтік көрсеткіші, маш.-сағ./жыл;

365 - жылдағы күндер саны, тәулік;

52 - жылдағы апталар саны;

2 - аптадағы жұмыс істемейтін күндер саны;

$D_{\text{пр}}$ – күнтізбелік жылға арналған мереке күндерінің саны;

$D_{\text{пкү}}, D_{\text{рем}}, D_{\text{пб}}$ - бір жыл ішінде машинаның жұмысындағы бір күндік үзілістердің саны (немесе маусымдық жұмыс істейтін машиналар үшін жұмыс маусымы), с:

$D_{\text{пкү}}$, – табиғи-климаттық жағдайлар (жел, жаңбыр, теріс температура, топырақтың қатуы және т.б.);

$D_{\text{рем}}$ – машинаны жөндеу базасына дейін және кері тасымалдауды қоса алғанда, жөндеу, техникалық қызмет көрсету және т.б.;

$D_{\text{пб}}$ – бір құрылыс алаңынан (механикаландыру базасынан) басқа құрылыс алаңына (механикаландыру базасына) ауыстыру.

$D_{\text{пкү}}, D_{\text{рем}}, D_{\text{пб}}$ көрсеткіштері машиналардың жұмысы туралы механикаландырылған үдерістерді орындауға және қызмет көрсетуге байланысты құрылыс машиналары мен автокөлік құралдарын басқаратын ұйымдардың (автокәсіпорынды) орташа жылдық, объективті негізделген деректері негізінде белгіленеді;

$K_{\text{рс}}$ – жұмыс ауысымының нормативтік ұзақтығы, маш.-сағ./ауысым;

$K_{\text{с}}$ – жыл бойы машина жұмысының ауысым коэффициенті, ауысым/күн. $K_{\text{с}}$ көрсеткіші машинаның тәулігіне орташа есеппен бір жыл ішінде жұмыс істейтін уақытының қатынасы ретінде есептеледі (маш.-сағ./күн), жұмыс ауысымының нормативтік ұзақтығына (маш.-сағ./ауысым).

Құрылыс машиналары мен автокөлік құралдарын басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың нақты деректері негізінде машиналардың жылдық жұмыс режимін анықтау бойынша қиындықтар туындаған кезде машиналардың негізгі номенклатурасы бойынша Т көрсеткіші және оған

ҚР БВН 9.1.2-002-2024

350.004

түзету коэффициенттері (КТЗ) осы Әдістеменің Γ қосымшасында келтірілген көрсеткіштер бойынша қабылданады.

5.2.4 Автокөлік құралдары үшін толық қалпына келтіруге арналған амортизациялық аударымдардың нормативтік көрсеткіші (A_{ac}) (12) формула бойынша айқындалады:

$$A_{ac} = \frac{Ц \times H_{ax} \times \Gamma_{п}}{T \times 100}, \quad (12)$$

мұнда $\Gamma_{п}$ – осы типтік топтағы машиналардың жылдық жүгірісі, жылына 1000 шқ. $\Gamma_{п}$ көрсеткіші орташа жылдық жүрістің есептік көрсеткіштері негізінде белгіленеді (негізсіз тоқтап қалуды есепке алмағанда).

5.2.5 Тез тозатын бөлшектерді ауыстыруға арналған шығындардың нормативтік көрсеткіші (B) (13) формула бойынша анықталады:

$$B = \frac{П_{ч} \times Ц_{ч}}{T \times 100}, \quad (13)$$

мұнда $П_{ч}$ - тез тозатын бөліктерге арналған жылдық шығындар нормасы, пайыз/жыл, ($П_{ч} = 3\%$).

$Ц_{ч}$ – осы типтік көлемдегі топтың машинасында бір мезгілде орнатылатын тез тозатын бөлшектерді немесе олардың жиынтығын сатып алу құны, теңге.

$Ц_{ч}$ көрсеткіші жеткізу құнын ескере отырып (ҚҚС есептемегенде) ағымдағы бағалар негізінде қабылданады, ол осы өңірге тән шығындардың нақты қалыптасқан деңгейі бойынша анықталады;

T - осы типтік көлемдегі машиналар үшін тез тозатын бөлшектердің немесе олардың жиынтығының нормативтік ресурсы (қызмет ету мерзімі) маш.-сағ.

Осы типтік көлемдегі топтың машинасында бір мезгілде ауыстырылатын тез тозатын бөлшектердің қызмет ету мерзімі мен саны дайындаушының ұсынымдары бойынша (паспорттық деректер, машиналарды пайдалануға арналған нұсқаулықтар) белгіленеді, ал олар болмаған кезде механикаландырылған үдерістерді орындауға және қызмет көрсетуге байланысты жол-құрылыс машиналары мен автокөлік құралдарын басқаратын ұйымдардың (автоөнеркәсіп) нақты деректері негізінде белгіленеді.

Тез тозатын бөлшектерді ауыстыру шығындары оларды ауыстырудың нақты шығындары негізінде нақтылануы мүмкін.

5.2.6 Энергия тасымалдаушыларға арналған шығындардың нормативтік көрсеткіштері мынадай негізгі түрлері бойынша есептеледі:

- бензин, кг;
- дизель отыны, кг;
- электр энергиясы, кВт-сағ;
- сығылған ауа м³.

5.2.7 кг-да көрсетілген бензин мен дизель отынын тұтыну нормасын литрге қайта есептеу аударым коэффициенттерін пайдалана отырып жүзеге асырылады.

5.2.8 Жол-құрылыс машиналарына арналған бензин шығындарының нормативтік көрсеткіші ($\text{Э}_{б.см}$) (14) формула бойынша анықталады:

$$\text{Э}_{б.см} = \text{Н}_б \times \text{Ц}_б, \quad (14)$$

мұнда $\text{Н}_б$ - машинаның жазда технологиялық режимде жұмыс істеуі кезінде бензин шығынының нормасы (сыртқы ауаның оң температурасы кезінде), кг/маш.-сағ. $\text{Н}_б$ көрсеткіші мынадай көздер (қолдану кезектілігі тәртібімен) негізінде белгіленеді:

- паспорт деректері;
- машиналарды пайдалану жөніндегі нұсқаулық;
- техникалық әдебиеттерде келтірілген мәліметтер;
- механикаландырылған пүдерістерді орындауға және қызмет көрсетуге байланысты құрылыс машиналары мен автокөлік құралдарын басқаратын ұйымдардың нақты деректері;

$\text{Ц}_б$ - бензин сатып алу құны, теңге/кг. $\text{Ц}_б$ көрсеткіші жеткізу құнын ескере отырып (ҚҚС есептемегенде) бензин бағасының негізінде қабылданады, ол машиналарды осы аймаққа тән бензинмен қамтамасыз етудің нақты шарттары бойынша анықталады.

5.2.9 Жол-құрылыс машиналарына арналған дизель отыны шығындарының нормативтік көрсеткіші ($\text{Э}_{д.см}$) (15) формула бойынша анықталады:

$$\text{Э}_{д.см} = \text{Н}_д \times \text{К}_{пу} \times \text{Ц}_д, \quad (15)$$

мұнда $\text{Н}_д$ – машинаның жазда технологиялық режимде жұмыс істеуі кезінде дизель отынын тұтыну нормасы (сыртқы ауаның оң температурасы кезінде), кг/маш.-сағ. $\text{Н}_д$ көрсеткіші мынадай көздер негізінде белгіленеді (қолдану кезектілігі тәртібімен):

- паспорт деректері;
- машиналарды пайдалану жөніндегі нұсқаулық;
- техникалық әдебиеттерде келтірілген мәліметтер;
- механикаландырылған үдерістерді орындауға және қызмет көрсетуге байланысты құрылыс машиналары мен автокөлік құралдарын басқаратын ұйымдардың нақты деректері;

$\text{Ц}_д$ – дизель отынын сатып алу құны, теңге/кг. $\text{Ц}_д$ көрсеткіші машиналарды осы өңірге тән ресурспен қамтамасыз етудің нақты шарттары бойынша айқындалатын жеткізу құнын (ҚҚС есептемегенде) ескере отырып, дизель отынының бағасы негізінде қабылданады.

ҚР БВН 9.1.2-002-2024

350.004

$K_{пу}$ - іске қосу қозғалтқышы жұмыс істеген кезде дизель отынына жұмсалатын шығындарды ескеретін коэффициент;

Іске қосу қозғалтқышы жұмыс істеген кезде дизель отынына жұмсалатын шығындарды ескеретін коэффициент (КПУ) отын шығынының 4% мөлшерінде белгіленеді: 1% - гараж ішіндегі қажеттіліктерге және 3% - қозғалтқышты іске қосу үшін.

5.2.10 Майлау материалдарына (С) арналған шығындардың нормативтік көрсеткіштері (16) формула бойынша айқындалады:

$$C = \Pi_i \times H_c \times \Pi_c, \quad (16)$$

мұнда Π_i - жол-құрылыс машиналарының жұмысына жағармай материалдарының шығыны отын шығынының пайызымен, %. Жол-құрылыс машиналарының жұмысына жағармай материалдары шығынының нормалары(Π_i) отын шығынына пайызбен белгіленеді:

- мотор майлары- 5 %;
- трансмиссиялық майлар - 0,75 %;
- арнайы майлар - 0,10 %;
- пластикалық майлаулар - 0,5 %

H_c - майлау материалдарын тұтыну нормасы, кг/маш.-сағ. көрсеткіш (H_c) мынадай көздер негізінде белгіленеді (қолдану кезектілігі тәртібімен):

- паспорт деректері;
- машиналарды пайдалану жөніндегі нұсқаулық;
- техникалық әдебиеттерде келтірілген мәліметтер;
- механикаландырылған үдерістерді орындауға және қызмет көрсетуге байланысты жол-құрылыс машиналары мен автокөлік құралдарын басқаратын ұйымдардың нақты деректері.

Π_c - майлау материалдарын сатып алу құны, теңге/кг. Π_c көрсеткіші майлау материалдарының ағымдағы бағалары негізінде оларды жеткізуді ескере отырып (ҚҚС есептемегенде) қабылданады, ол машиналарды осы өңірге тән майлау материалдарымен қамтамасыз етудің нақты шарттары бойынша анықталады.

5.2.11 Гидравликалық сұйықтықтың есептік шығындары (Г) машинаның 1 маш-сағаты (17) формула бойынша анықталады:

$$\Gamma = P_r \times \Pi_r, \quad (17)$$

мұнда P_r - гидравликалық сұйықтық шығыны, кг/маш.-сағ.;

Π_r - гидравликалық сұйықтықтың бағасы, теңге.

Гидравликалық сұйықтықтың шығыны Г.3-кестеде көрсетілген

5.2.12 Машиналарды жөндеудің, диагностикалаудың және техникалық қызмет көрсетудің барлық түрлерін орындауға арналған шығындар (Р) машина

жұмысының 1 машина-сағаты (18) формула бойынша есепті бағаларды әзірлеудің алдындағы кезеңде жол-пайдалану ұйымдарында қалыптасқан шығындар деңгейі бойынша анықталуы мүмкін:

$$P = \frac{Ц \times Н_p}{T \times 100}, \quad (18)$$

мұнда Ц - машиналар мен механизмдердің артық бағаланған құны, теңге;
Н_p - машиналардың артық бағаланған құнынан пайызбен қабылданатын жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған жылдық шығындардың есептік көрсеткіші, %;

Т - машинаның жылына, сағатына жоспарланған жұмыс уақыты.

Машиналарды жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге арналған жылдық шығындар нормалары 4-кестеде көрсетілген.

5.2.13 [4], [5] сәйкес қоршаған ортаға теріс әсер ету шығындары:

Жылжымалы көздерден ластаушы заттардың шығарындылары үшін төлемді есептеу (19) формула бойынша жүзеге асырылады:

$$C_{\text{передв. ист.}} = N^i_{\text{передв. ист.}} \times M^i_{\text{передв. ист.}}, \quad (19)$$

мұнда C_{передв. ист.} - жылжымалы көздерден ластаушы заттардың шығарындылары үшін төлемақы (АЕК);

Nⁱ_{передв. ист.} - Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес белгіленген отынның і-ші түрінен атмосфералық ауаға ластаушы заттардың шығарындылары үшін төлемақы мөлшерлемесі (АЕК/тонна);

Mⁱ_{передв. ист.} - есепті кезеңде жұмсалған отынның і-ші түрінің массасы (тонна).

5.2.14 Көлік салығының шығындары [6] сәйкес (20) формула бойынша анықталады:

$$H = \frac{H_{\text{сум}}}{T}, \quad (20)$$

мұнда H_{сум} – тиісті кезең үшін салық сомасы, теңге;

T - жылына машинаның жоспарланған жұмыс уақыты, сағат.

5.3 Тіркемелі техниканың механикаландыру базасынан телімге/нысанға көшіру (жұмылдыру және қайта жұмылдыру) және телімнен/нысаннан механикаландыру базасына кері қайтуға арналған шығындар

5.3.1 Тіркемелі техниканың механикаландыру базасынан телімге/нысанға бару (жұмылдыру және қайта жұмылдыру) және телімнен/нысаннан механикаландыру базасына кері қайтуға арналған шығындардың нормативтік

ҚР БВН 9.1.2-002-2024

350.004

көрсеткіші (бұдан әрі - техниканы көшіруге арналған шығындар) (ол болған кезде) тіркемелі машинаны (жартылай тіркемелі және сол сияқтыларда) көшіруге қатысты анықталады.

5.3.2 Тіркемелі техниканы (шынжыр табанды жүрістегі арнайы техника, жол катоктары, төсегіштер) өз жүрісімен немесе жүкшығырдың көмегімен (немесе тіркемеде жабдықталған өзге де айлабұйымның көмегімен) көшіру келесілерді пайдалана отырып жүзеге асырылады:

- тіркеме (жартылай тіркеме, ауыр жүк тіркемесі және т.б.);
- автомобиль тартқышы.

Осы нұсқа бойынша техниканы көшіруге арналған шығындардың нормативтік көрсеткіші (Пт) (21) формула бойынша анықталады:

$$Пт = (Ст + Сп + 3М) \times В + Пх, \quad (21)$$

мұнда Ст – тартқышты пайдаланудың сметалық бағасы, теңге/маш.-сағ.;

Сп – тіркемені (жартылай тіркеме, ауыр жүк көлігі тіркемесін) пайдаланудың сметалық бағасы, теңге/маш.-сағ.;

3М – ауыстырылатын техника машинисінің еңбегіне ақы төлеу.

В - трактордың және тіркеменің (жартылай тіркеменің, ауыр жүк көлігінің тіркемесінің және т.б.) осы типтегі және типтік өлшемді топтағы машинаны көшірумен байланысты жүруінің жалпы уақыты, сондай-ақ олардың көшуінің техниканы жеткізудің бастапқы және соңғы пункттерінде болу уақыты. Аталған машиналардың жалпы жүру уақыты ауыстыруға жататын машинаның орналасқан жеріне қарай жүруді және осы машиналардың орналасқан жеріне қарай кері жүруін ескереді.

Көшуге кететін уақыт көрсеткіші (В) сондай-ақ, техниканы тіркемеге тиеу уақытын және техниканы тіркемеден түсіру уақыты 3 маш.- сағ./күнді қамтиды.

Пх - бос жүріс, (22) формула бойынша анықталады:

$$Пх = (Ст + Сп) * Вх, \quad (22)$$

мұнда Ст – тартқышты пайдаланудың сметалық бағасы, теңге/маш.-сағ.;

Сп – тіркемені (жартылай тіркеме, ауыр жүк көлігі тіркемесін) пайдаланудың сметалық бағасы, теңге/маш.-сағ.;

Вх - тартқыштың және тіркеменің (жартылай тіркеме, ауыр жүк тіркемесі және т.б.) екі бағыттағы жалпы бос жүру уақыты 0,8 маш.-сағ./күнді құрайды.

5.4 Автомобиль жолдарын орташа ағымдағы жөндеу және күтіп-ұстау кезінде температуралық аймақтың климаттық жағдайларына байланысты жұмыстарды жүргізу кезіндегі қосымша еңбек шығындары

ҚР БВН 9.1.2-002-2024
350.004

Телімнің/нысанның температуралық аймағының климаттық жағдайларына байланысты жөндеу-құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде қосымша еңбек шығындарын есепке алу үшін (Д қосымшасы) жөндеу-құрылыс жұмыстарының топтары бойынша еңбек шығындарының нормаларына, машиналарды пайдалану уақытына (машинистердің еңбек шығындарын қоса алғанда) осы Әдістеменің Ж қосымшасының Ж.1-кестесінде келтірілген коэффициенттер қолданылады. Топтар бойынша жөндеу-құрылыс жұмыстарының түрлері осы Әдістеменің Ж (міндетті) қосымшасының Ж.2-кестесінде келтірілген.

А қосымшасы
(міндетті)

**А.1-кесте - Қазақстан Республикасының аумақтық
аймақтарының тізбесі**

Аймақтың коды	Атауы
1	Астана қаласы, Қосшы қаласы
2	Алматы қаласы
3	Ақмола облысы
4	Ақтөбе облысы
5	Алматы облысы
6	Атырау облысы
7	Батыс-Қазақстан облысы
8	Жамбыл облысы
9	Қарағанды облысы
10	Қостанай облысы
11	Қызылорда облысы
12	Маңғыстау облысы
13	Түркістан облысы
14	Павлодар облысы
15	Солтүстік-Қазақстан облысы
16	Шығыс-Қазақстан облысы
17	Шымкент қаласы
18	Абай облысы
19	Жетісу облысы
20	Ұлытау облысы

Б қосымшасы
(міндетті)

Жұмысшылар санаттары бойынша, инженерлік буын мамандарының санаттары бойынша тарифтік коэффициенттер

Б.1-кесте - Жөндеу-құрылыс жұмыстарын орындау, жол-құрылыс машиналары мен автокөлік құралдарын басқару және жабдықтарды монтаждау жұмыстары кезінде тікелей жұмыспен қамтылған жұмысшылардың разрядтары бойынша тарифтік коэффициенттер

Разрядтың аралық мәні	Разряд / тарифтік коэффициент							
	1	2	3	4	5	6	7	8
	1,000	1,195	1,428	1,706	2,039	2,437	2,912	3,480
0,1	1,020	1,218	1,456	1,739	2,079	2,485	2,969	
0,2	1,040	1,241	1,484	1,772	2,119	2,533	3,026	
0,3	1,060	1,264	1,512	1,805	2,159	2,581	3,083	
0,4	1,080	1,287	1,540	1,838	2,199	2,629	3,140	
0,5	1,100	1,310	1,568	1,871	2,239	2,677	3,197	
0,6	1,120	1,333	1,596	1,904	2,279	2,725	3,254	
0,7	1,140	1,356	1,624	1,937	2,319	2,773	3,311	
0,8	1,160	1,379	1,652	1,970	2,359	2,821	3,368	
0,9	1,180	1,402	1,680	2,003	2,399	2,869	3,425	

Ескертпе - Тарифтік коэффициент тиісті біліктілік разряды қызметкерінің тарифтік мөлшерлемесінің бірінші разряд қызметкерінің тарифтік мөлшерлемесіне қатынасын білдіреді

ҚР БВН 9.1.2-002-2024**350.004****Б.2-кесте - Тікелей монтаждау және іске қосу-жөндеу жұмыстарымен
айналысатын инженерлік буын мамандарының санаттары бойынша
тарифтік коэффициенттер**

Санат және лауазым	Тарифтік коэффициент
1 Орта техникалық білімі бар мамандар:	
3 санатты техник	1,000
2 санатты техник	1,104
1 санатты техник	1,218
2 Жоғары техникалық білімі бар мамандар:	
3 санатты инженер	1,483
2 санатты инженер	1,637
1 санатты инженер	1,807
жетекші инженер	1,994
бас технолог	2,201
Ескертпе - Тарифтік коэффициент тиісті санаттағы маманның тарифтік мөлшерлемесінің үшінші санаттағы техниктің тарифтік мөлшерлемесіне қатынасын білдіреді.	

В қосымшасы
(міндетті)

Мердігерлік ұйымның жөндеу-құрылыс үдерістерін орындауға және қызмет көрсетуге және автомобиль жолдарын пайдалануға тікелей байланысты шығындары

В.1 Мердігер ұйымның жөндеу-құрылыс үдерістерін орындауға және қызмет көрсетуге және автомобиль жолдарын пайдалануға тікелей байланысты шығындарына мыналар жатады:

В.1.1. Өндірістік кадрларды даярлауға және қайта даярлауға байланысты шығындар.

1.2. Мердігерлік жұмыстарда, жол-құрылыс машиналарын пайдалану мен қызмет көрсетуде және басқа да жұмыстарда жұмыс істейтін жұмысшылардың өтемақы және ынталандыру сипатындағы төлемдер.

Өтемақы және ынталандырушы сипаттағы төлемдер құрамына мыналар кіреді:

- жыл сайынғы еңбек демалыстарына ақы төлеу немесе жыл сайынғы ақылы еңбек демалыстарының жұмыскерлері пайдаланбаған күндері үшін өтемақы төлемдері;

- жұмыс уақытын атмосфералық жағдайлар бойынша төлеу;

- жүкті әйелдерге оларды жеңіл жұмысқа ауыстырған кезде орташа жалақыға дейін қосымша ақы төлеу;

- еңбек міндеттерін орындауға байланысты денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу;

- бригаданы басқарғаны үшін бригадирлерге/учаске бастықтарына қосымша ақы төлеу;

- оқушыларды оқыту және жұмысшылардың біліктілігін арттыру үшін негізгі жұмыстан босатылмаған білікті жұмысшыларға қосымша ақы төлеу;

- біліктілікті арттыру жүйесінде өндірістен қол үзіп, жол жұмысшыларын оқыту кезінде автомобиль жолдарын күтіп-ұстау жөніндегі пайдаланушы ұйымның жөндеу-құрылыс ұйымының олардың орташа жалақысын сақтау;

- заңда көзделген жағдайларда жұмысшыларға тегін немесе жеңілдікті шарттармен қызмет көрсетуге байланысты шығындар;

- тексеру, қан тапсыру күндері үшін жол жұмысшы донорларының орташа жалақысын сақтау;

- жол жұмысшыларына үстеме жұмыс үшін, түнгі жұмыс үшін қосымша ақы төлеу;

- заңнамада көзделген жағдайларда жұмысшылардың мәжбүрлі жұмыстан шығу немесе төмен ақы төленетін жұмысты орындау уақытындағы орташа жалақысын сақтау;

ҚР БВН 9.1.2-002-2024

350.004

- мерзімді медициналық тексеруден өту кезінде жол жұмысшыларының орташа жалақысын сақтау.

1.3. Мердігерлік жұмыстарда, сондай-ақ жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін пайдалануда және басқа да жұмыстарда жұмыс істейтін жол жұмысшыларының жалақысына жұмсалатын шығындардан әлеуметтік мұқтаждарға аударымдар (оның ішінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар).

1.4. Санитарлық-гигиеналық және тұрмыстық жағдайларды қамтамасыз ету бойынша шығындар:

- амортизациялық аударымдар (немесе жалдау ақысы), жөндеудің барлық түрлерін жүргізуге (жөндеу қорына немесе жөндеуге арналған резервке аударымдар) және санитарлық-тұрмыстық мақсаттағы жиналмалы және жылжымалы ғимараттарды ауыстыруға арналған шығындар;

- санитариялық-тұрмыстық үй-жайларды ұстау: тазалаушылардың, кезекші слесарлардың, электриктердің және қызмет көрсететін қызметкерлердің басқа да санаттарының еңбегіне ақы төлеу, жылытуға, сумен жабдықтауға, кәрізге, жарықтандыруға арналған шығындар, сондай-ақ душ және қол жуғыштарға арналған табельде көзделген гигиена заттарының құны;

- амортизациялық аударымдарды (жалдау ақысын) қоса алғанда, еңбек ұжымына қызмет көрсететін медициналық пункттерді тікелей жол-пайдалану учаскелерінде алаңда немесе жөндеу-құрылыс ұйымының аумағында ұйымдастыру үшін медициналық мекемелерге, сондай-ақ қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарына (жөндеу-құрылыс ұйымының балансында тұрған да, тұрмаған да) тегін берілетін үй-жайлар мен мүкәммалды ұстау. жөндеудің барлық түрлеріне арналған шығындар (жөндеу қорына немесе жөндеуге арналған резервке аударымдар), жарықтандыруға, жылытуға, сумен жабдықтауға, кәрізге, электрмен жабдықтауға арналған шығындар, тамақ дайындауға арналған отынға, сондай-ақ жұмыс орнына азық-түлік жеткізу шығындары;

